

## Ақтөбе облысында 2025 жылғы I тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 11 ақпандағы № 18 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысында 2025 жылғы I тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

А. Шахаров

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2025 жылғы 11 ақпандағы № 18  
қаулысына қосымша

## Ақтөбе облысында 2025 жылғы I тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

| № | Тауарлар атауы                      | Шекті мән (теңге) |
|---|-------------------------------------|-------------------|
| 1 | Бірінші сортты бидай ұны, килограмм | 223               |
|   |                                     |                   |

|    |  |      |
|----|--|------|
| 2  | Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм                                      | 224  |
| 3  | Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм   | 416  |
| 4  | Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм                                    | 504  |
| 5  | Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм  | 327  |
| 6  | Күнбағыс майы, литр  | 753  |
| 7  | Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5% толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм | 5136 |
| 8  | Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм   | 3025 |
| 9  | Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм                             | 1821 |
| 10 | Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр   | 469  |
| 11 | Айран, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр  | 472  |
| 12 | Сүзбе: майлылығы 5-9%, килограмм   | 2080 |
| 13 | Картоп, килограмм  | 285  |
| 14 | Асханалық сәбіз, килограмм   | 255  |
| 15 | Басты пияз, килограмм  | 241  |
| 16 | Ақ қауданды қырыққабат, килограмм  | 222  |
| 17 | Ақ қант - құмшекер, килограмм  | 510  |
| 18 | Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана  | 654  |
| 19 | Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм  | 78   |